Aqtóbe oblysy
Áiteke bi aýdandyq
Bilim bólimi

030103 Aqtasty aýyly
Aqtasty jalpy orta
bilim beretin mektebi

Актюбинская область
Айтекебийская районная
отдел образования

030103 село Актасты
Актастинская
общеобразовательная
средняя школа

Áiteke bi kóshesi №5 úi, telefon-faks: 871347 35-4-08, E-mail: Adtasty_a@mail.kz

**Бұйрық №53 о/қ**

**30.08.2023 жыл**

**«2023-2024 оқу жылының сабақ кестесін бекіту» туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығымен бекітілген «Жалпы білім беру ұйымдарының(бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидалары» ның **15 тармағы** және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық – эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларының **5 тарауының 71-75 тармақтары** негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

**1.Оқушылар мен тәрбиеленушілердің оқу жүктемесі,** сабақтар режимі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары, санитарлық – эпидемиологиялық қағидалар мен нормалар, денсаулық сақтау және білім беру органдарының оқу жоспарлары мен ұсынымдары негізінде дайындалған білім беру ұйымдары бекітетін ережелермен айқындалатындығы қатаң ескере отырып дайындалсын.

**1.1.Аталған қағиданың талаптарын ескере отырып 2024 – 2025 оқу жылындағы 1 – 11 кластар** сабақ кестесін құрған кезде бір күн және бір аптаның ішіндегі оқушылардың ақыл – ой еңбегіне қабілеттілік серпіні ескерілуге тиіс және **осы Санитарлық қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес** қиындық бойынша пәндерді саралау кестесі, жалпы білім беретін ұйымдардағы оқу жүктемесінің нормалары осы Санитарлық қағидаларға **3-қосымшаға** сәйкес болу керектігі ескерілсін.

1.2.Мектепке дейінгі сыныптар күннің ІІ- жартысында оқитындықтан оларға арналған күн режимі аталған қағиданың **2- қосымшасы** басшылыққа алынсын.

1.3.Сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін жеке жасалып, факультативтік сабақтар міндетті сабақтардың саны барынша аз күндері жоспарлансын.

1.4.2024-2025 оқу жылының сабақ кестесі, факультатив, компонент, үйірмелер, элективтік курстар, мектепке дейінгі сыныптар сабақ кестелері ата-аналар комитетінің және қамқоршылық кеңесінің төрағасымен келісіліп мектеп басшысымен бекітілсін.

2.Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары А.А.Султановаға.

Мектеп директоры: С.Г.Аяпова